

**Телғожа ЖАНҰЗАҚ**

**Әсімдер сыры**  
**Ғайны имен**



**Алматы**

**«Парасат» журналы**

**2004 жыл**

**ББК 82.3 (2 Каз)**

**Ж 26**

**Ж 26 Жанұзақ Т. Есімдер сыры .– Алматы, 2004.– 208 бет.**

*Назарларыңызға ұсынылып отырған «Есімдер сыры» атты бұл еңбекте қазақ есімдерінің мағыналары, олардың ұлттық әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты қойылу себептері қазақ және орыс тілдерінде түсіндірілді.*

*Осымен қатар араб, парсы, монғол, славян, Батыс Еуропа елдерінен қабылданған есімдердің де шығу төркіні көрсетілді.*

*Кітап көпшілік қауымға, жас ата-аналарға, сондай-ақ, Азаматтық Хал-ахуалдар тіркеу орындары мен паспорт органдарына пайдалы да қажет құрал болмақ.*

ISBN 9965-27-014-7

**ББК 82.3 (2 Каз)**

**Ж 4702250205**  
**00(05)-04**

ISBN 9965-27-014-7

© Жанұзақ Т., "Парасат" журналы, 2004 ж.



# Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

## Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы азаматтарының тегі мен әкесінің атын қазақша жазу тәжірибесін қазақ халқының қалыптасқан тарихи дәстүрлеріне сәйкес келтіру жөніндегі көптеген өтініш-тілектерін ескере келіп, қаулы етемін:

1. Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде оған азаматтың жынысына қарай “ұлы” немесе “қызы” сөздері қосылып, бірге жазылады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке басының куәлігін берген кезде, республика ішкі істер органдары осы Жарлықтың 1-тармағында көзделгендей, тегі мен әкесінің атының жазылуын оңайлатылған тәртіппен азаматтық хал-ахуалын жазу актілеріне өзгертулер енгізусіз жүргізеді деп белгіленсін.

3. Азаматтың тегі мен әкесінің атының жазылуын өзгертуі оның құқықтық субъектілігін қозғамайды, яғни тегі әкесінің атының бұрынғы жазылуында алған құқықтары мен міндеттерін доғаруға немесе өзгертуге негіз бола алмайды.

4. Азаматтардың тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге байланысты қалған барлық өзге мәселелер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

5. Республика Үкіметі өзінің құқықтық нормативтік актілерін және республиканың орталық атқарушы органдарының актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 мамырынан күшіне енетін 2-тармағын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті**  
**Н.НАЗАРБАЕВ.**

**Алматы, 1996 жылғы сәуірдің 2-сі.**

**УКАЗ**  
**Президента Республики Казахстан**  
**О порядке решения вопросов, связанных с написанием**  
**фамилий и отчеств лиц казахской национальности**

Учитывая многочисленные обращения граждан Республики Казахстан, в целях приведения практики написания казахских фамилий и отчеств в соответствие с исторически сложившимися традициями казахского народа постановляю:

1. Лица казахской национальности по их желанию вправе изменить написание своих фамилий и отчеств с исключением несвойственных казахскому языку аффиксов, но с сохранением корневых основ фамилий и отчеств. При этом к имени отца при написании отчества слитно добавляются окончания "улы" или "кызы" в зависимости от пола лица.

2. Установить, что предусмотренное пунктом 1 настоящего Указа написание фамилий и отчеств производится в упрощенном порядке органами внутренних дел республики при выдаче паспортов и удостоверений личности гражданина Республики Казахстан без внесения изменений в акты записи гражданского состояния.

3. Изменение написания фамилии и отчества лица не затрагивает его правосубъектности, то есть не является основанием для прекращения или изменения его прав и обязанностей, приобретенных под фамилией и отчеством в прежнем написании.

4. Все иные вопросы, связанные с изменением фамилий, имен, отчеств, решаются в соответствии с нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

5. Правительству республики обеспечить приведение своих нормативных правовых актов и актов центральных исполнительных органов республики в соответствие с настоящим Указом.

6. Настоящий Указ вступает в силу со дня опубликования, за исключением пункта 2, вступающего в силу с 1 мая 1996 года.

**Президент Республики Казахстан Н.НАЗАРБАЕВ.**  
**Алматы, 2 апреля 1996 года.**

*Бұл Жарлық азаматтардың тегі мен өке атын және өз атын жазуда басшылыққа алыну керек.*

## Алғы сөз

Өмірге келген жас бөбек, сәбиге жарасымды ат қойып, есім беру – ертеден келе жатқан ата дәстүр, дағдылы әдет. Есімдердің әдетте адамды екінші адамнан ажырата білу үшін қойылатыны хақ. Ұлы Гомер: “Есім дегеніміз алуа-шекер сыйлық. Ал сыйлық пен тарту адам үшін зор қуаныш” деген екен. Адам үшін өмірлік, шексіз қуаныштың бірі – уақыт, дәуір талабына, өз талғамына сай келетін айшықты да сұлу, мәнді де мәнерлі есім иемдену екені даусыз. Ескіліктен келе жатқан өмірлік маңызы зор бұл мәселе өз мәнін бүгін де жойған жоқ, өлі де маңызды, аса өзекті қалпында қалып отыр.

Есім беруде сәбидің ата-анасы ғана емес, туған-туыс, дос-жарандармен қатар Азаматтық хал актілері мекемелерінің қызметкерлері де мүдделі. Өйткені адам есімі қоғам өмірімен, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты. Қоғам өміріндегі көптеген тарихи оқиғалар мен әлеуметтік өзгерістер ірі тұлғалар есімдерімен байланысты болса, көпшілігі есте жоқ ескі заманнан бүгінге жетіп отыр.

Айшықты да сұлу, мағынасы жарасымды, айтуға оңай, ықшам есімдерді талғап, таңдап қою – жұрт санасынан берік орын алған, жалпыхалықтық дәстүр. Осымен байланысты көптеген тарихи оқиғалар атақты адамдардың іс-әрекет, белгілі есімдері арқылы бүгінге жетіп, ұрпақтар санасынан берік орын алуда. Ондай мыңдаған есімдер тіліміздегі мағыналы сөздер сияқты ұзақ ғасырлар өмір сүріп ескіріп, оның орнын жаңа есімдер алып ауысып отырады. Көне заман жәдігерлері сияқты оларда да өткен ғасырлардың үні сақталады. Әлбетте, атақты батырлар мен ақылгөй даналардың, белгілі ақындар мен тілмар шешендердің, хандар мен сұлтан, билердің есімдері ұрпақтан-ұрпаққа

ауысып, жалғасын табуда. Қазіргі қазақ есімдері құрамы мен саны жағынан орасан бай да көп.

Олардың көпшілігі ұлттық болмыс, салт-сана, тарихи дәстүр, әдет-ғұрып, өмірлік тұрмыс-күйіміз бен тірлігімізді бейнелегендіктен мағыналары ашық, айқын болып келеді. Алайда олардың ішінде мән-мағыналары белгісіз, құпия сырға толы ескі, көне есімдер де аз емес. Ондай есімдер байырғы замандар мен көне дәуірдегі түркі-қазақ тілдеріне және X ғасырлардан бері араб, иран, арамей, моңғол, орыс, украин, Батыс Еуропа тілдеріне тән. Өйткені әрбір дәуірде өмір сүрген адамдардың есімге деген көзқарасы айрықша болса, есімдердің қоғамдық қызметі де алуан түрлі болған.

Алайда қазақ тұрмысында, оның үй-іші отбасында есім таңдау, есім беруде ешқандай шек, қатаң жеке болмаған. Есім беріп, ат қоюда ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, тарихи дәстүр, әр түрлі тілек-мақсатпен қатар халықтың шынар ойы мен ұлттық мінез-құлқы да кеңінен көрініс тапқан. Ондай есімдердің бір тобы өмір талабына сай қолданудан шығып қалып отырса, екінші бір жаңа тобы жаңа заман талабына сай толысып, қосылып отырған.

Қазақ халқының егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекет болып, әлеуметтік-саяси, мәдени өмірімізде елеулі табыстарға жетіп, ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы нәтижесінде сөздік қорымызға жүздеген жаңа сөздер мен терминдер қосылып отырса, антропонимиялық (есімдер) байлығы да артып отыр. Осымен байланысты жүздеген жаңа есімдер өмірге келген жас сәбилерге қойыла түсуде.

Бұл кітапқа екі мыңнан аса байырғы қазақ есімдерімен қатар басқа тілдерден қойылған есімдер де еніп отыр. Олардың әрқайсысының мағыналары анықталып, қазақ және орыс тілдерінде түсініктері берілді.

Бұл күнде көне есімдердің көбінің әу бастағы мән-мағыналары ұмыт болып, күңгірт тартқан. Ондай есімдердің шыққан төркінін ашып, мән-мағыналарын анықтау тым күрделі де қиын іс. Алайда кітапта осы мәселелердің шешімі табылып, көптеген көне есімдердің шығу төркіні ашылды. Мысалы: *Абай, Абыз, Абылай, Албат, Алпар, Ахрам, Бабас,*

*Бақай, Базай, Дархан, Жабайхан, Едіге, Әбира, Ақлия, Ағила, Зарина, Шабал т.т.*

Қазақ тіліне орыс тілінен жүздеген сөз, сөз тіркестерімен қатар, көптеген кісі есімдерінің де енгені мәлім. Олар әсіресе оқыған, білімді интеллигенттер отбасында көбірек ұшырайды. Мысалы: Алла, Анна, Аниса, Анастасия, Валентина, Галина, Нина, Зоя, Париса (әйел балалар есімдері); Андрей, Александр, Алексей, Виктор, Максим, Борис, Денис, Мирон (ерлер есімдері) т.б. Орыс тілі арқылы Батыс Еуропа елдерінен енген есімдер де баршылық. Кітапта Долорес, Дина, Лиза, Артур, Роберт, Донат, Эрнс, Марат т.б. есімдердің мағыналары жайлы түсінік берілді.

Жаңа есімдердің көптеп қойылуы қоғам өміріндегі заңды да елеулі құбылыс. Бұл жайт – қазақ халқының басқа халықтармен мәдени-тарихи байланысы, бауырлық ынтымақ, татулығының айқын көрінісі.

Кітапта араб, иран, моңғол, аздап болса да қытай, үнді тілдеріне тән есімдердің мағыналары берілді. Бұның өзі – халқымыздың тарихында көрсетілгендей, ол халықтармен ерте замандардан қарым-қатынас жасағандығын, оның қазірде жалғасын тауып отырғанының толық айғағы екені сөзсіз.

Араб, иран тілдерінен ауысқан есімдердің тіліміздің ішкі заңына сай түрліше дыбыстық өзгеріске түскені де мәлім. Мәселен, *Мохаммед – Мақамбет, Махамбет, Мұхамбет, Махмет, Махмұт* болып өзгерсе, *Ибраһим – Ибрагим, Ыбырайым, Ыбырай, Айша – Файша, Қайша, Хайша* т.б.

Бұрынғы замандарда есімдердің, көбіне халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде қойылып отырғаны белгілі. Ер балалар тұрақтамай өле берген отбасылары жаңа туған сәбилерге *Тоқтар, Тоқтасын, Тоқтарбай, Тұрар, Тұрарбек, Тұрсын, Тұрсынбай, Тұрсынбек, Өтеген, Өтеміс, Төлеген, Төлеміс, Төленді, Төлебай* деген есімдерді беріп отырған. Бұл есімдер дәстүр бойынша күні бүгінде қойыла береді. Кітапта осы тектес жүздеген есімнің этномәдени-этнографиялық сыр-сипаты толық түсіндіріледі.

Жасы үлкен адамдарды сыйлап, құрметтеп атауда ұлттық болмысымызға тән ерекше салт-дәстүр берік орын алған. Жасы үлкен адамдарды сыйлағанда жастар жағы ол кісінің атын тура атамай,



туыстық терминдермен атау дәстүрі мұның бір дәлелі. Мысалы: *атай, әжей, әкей, аға, ағатай, жеңгей, апай* т.б. Осымен қатар жеңгелер тарапынан күйеуінің аға, жеңге, іні, сіңілілерін: *қайын, қайны, жеңеше, мырза, мырза жігіт, әкежан, тетелес, бойжеткен, бике, бикен* деп атаса, қадірлі, құрметті, аса қадірлі, аса құрметті деген сөздерді сыйлау, құрметтеумен байланысты айтып отырған. Ал жасы үлкен адамдарды сыйлап, құрметтей атағанда олардың есімдеріне ақа, еке, е қосымшаларын қосып айту дәстүрі бар. Мысалы: Әбдіманап, Әбдірахман, Әбіл т.б.есімділерді *Әбеке, Әбе* деп атаса, Мұхтар, Мақамбет, Мұқай, Мұхамбет, Мұқағали, Мұқажан есімді кісілерді *Мұха, Мұқа, Сәбит, Сәбден, Сәбидолла, Сәбиғат, Сабырқан* есімді кісілерді *Сәбе, Сәбең; Гүлсім, Гүлшара, Гүлшахан, Гүлбараш, Гүлжанат* тектес әйел адамдарды *Гүлеке; Айша, Айшолпан – Айшеке, Жанбике, Жанипа, Жәмила, Жәлила – Жәке, Шабал, Шакира, Шамшия – Шәке, Шәке* т.б. деп атайды.

Барлық халықтар дәстүріндегідей қазақ отбасы, үй-іші, туған-туыстар балаларын еркелете атауда олардың есімдеріне: жан, қан, кен, ш жұрнақтарын қосып айтады. Мысалы: Болат – *Болатжан, Асан – Асанжан, Малдыбай – Мақан, Жақсыбай – Жақан, Мамырбек – Мәкен, Сейфулла – Сәкен, Шәкәрім – Шәкен, Әбдірахман – Әбіш, Әбділдә – Әбіш, Күлбаһрам – Күләш, Күлбала – Күкен, Мәлике – Мәкен, Айымжан – Айкен* т.т.

Ата-ана, туған-туыстар балаларын емірене жақсы көріп, ерекше сүйіспеншілікпен, *айым, күнім, шолпаным, сәулем, жарығым, шырағым, жаным* деп атаумен қатар, мал төлдерінің атауларымен: *қозым, құлыным, құлыншағым, ботам, боташым, ботақаным, торпағым* десе, *көгершінім, қарғам, қарғашым, құсым, ақ құсым, үкім, торғайым, боз торғайым, сұңқарым, лашыным* сияқты құс атауларымен еркелете атауы да халық дәстүрі мен мәдени көрінісінің бір үрдісі.

Бұл кітапқа жаңа есімдермен қатар дәстүрлі ұлттық есімдер көптеп енді. Бірақ мән-мағынасы нашар, түр-тұлғасы жағынан жағымсыз кездейсоқ есімдер мүлдем берілмеді. Бұл кітаптың негізгі мақсатының бірі – уақыт табымен мағыналары ұмыт болып күңгірттенген есімдердің

мағыналарын анықтап, көпшілік қауымға түсіндіріп беру болып табылады.

Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл кітап – қазақ есімдерімен байланысты көптеген мәселелерге жауап береді деген сенімдеміз.

***Құрметті оқырман қауым, қолдарыңыздағы «Есімдер сыры», «Тайны имен» атты кітап-екі тілде жазылып отырған еңбек. Оның келешек басылымдары бұдан да сапалы, толық болып шығуы үшін ақыл-кеңес, сын ескертпелеріңізді күтеміз.***

***Мекен-жайымыз: 480100, Алматы қаласы Әйтеке би, көшесі 28 үй.***

**Автор**

## Предисловие

Имена присваиваются при рождении ребенка и они служат для различения их среди других людей. Великий Гомер назвал имя сладостным даром. Дар, подарок - радость для человека. И такой постоянной радостью для человека должно быть красивое, благозвучное с ясным значением имя, отвечающее духу времени и эпохи. Это жизненная проблема, и она волновала людей с незапамятных времен, актуальна она и по сей день.

В выборе имени заинтересованы не только родители, друзья, близкие люди, но и сотрудники органов ЗАГСов. Потому что имя человека тесно связано с обществом и со всем тем, что его окружает и с тем, что в нем происходит. Доказательством этому служит и тот факт, что многие исторические события, социальные перемены в обществе связаны с именами отдельных личностей, многие из них дошли до нас из тех далеких времен.

Выбор благозвучных, лаконичных и красивых имен - древняя, неизменная общенародная традиция. Многие исторические события дошли до нас благодаря именам и делам людей, стали достоянием последующих поколений. Так же, как и слова, в языке имена живут, стареют и обновляются. Как памятник древности в них слышны отголоски ушедших столетий. И конечно, из поколения в поколение передавались традиционные имена эпических героев, легендарных витязей, замечательных мудрецов, известных поэтов, народных акынов, ханов, султанов и т.д.

Современный именной казахского народа велик по объему и разнообразен по составу. Широко употребляются самобытные казахские

имена. Они зачастую имеют прозрачный смысл. Но немало имен с затемненным смыслом. Это, как правило, древние тюрко-казахские, субстратные, заимствованные из арабского, иранского, монгольского, славянского (русский, украинский), арамейские (древрейские) и западно-европейские и др.

Имена различных эпох существенно отличаются друг от друга. В каждую историческую эпоху имя в человеческом обществе выполняет свои определенные функции, и в разные периоды отношение людей к именам различно. Выбор личных имен в казахской семье практически неограничен. В них отражаются как национальные идеалы красоты, так и различные пожелания, обычаи, народные приметы. На протяжении многих веков наблюдается процесс архаизации и зарождения новых имен.

Большие успехи, грандиозные изменения в связи установлением независимости государства, происшедшие в социально-политической, экономической и культурной жизни казахского народа, способствовали развитию родного языка, его словарного фонда - различных слов лексики, терминологии, в том числе антропонимии - имен людей. Появилось множество новых имен.

В данную книгу включено более 2000 имен казахов, как собственных, так и заимствованных мужских и женских имен. Каждому из них на казахском и русском языках дается толкование, объясняется их значение и указывается этимология.

Значение, семантика имен отражают языковые особенности того или иного народа. В наши дни забыты и затемнены значения многих древних имен. Раскрытие значений и установление этимологии таких имен является весьма сложным. Данный вопрос находит свое решение в этой книге. Установлена этимология таких древних имен, как *Абай*, *Абыз*, *Абылай*, *Албат*, *Алпар*, *Ахрам*, *Бабас*, *Базай*, *Дархан*, *Жабайхан*, *Едиге*, *Абира*, *Ақлия*, *Агила*, *Бибатпа*, *Зарина*, *Нарима*, *Шабал* и др.

Из русского языка в казахский язык вошло много слов, выражений и личных имен. Русские имена, заимствованные казахами, встречаются чаще в семьях интеллигенции. Имена эти даны в книге и раскрыты их значения.

Женские: *Алла, Анна, Аниса, Анастасия, Валентина, Галина, Нина, Зоя, Лариса*, мужские: *Андрей, Максим, Денис, Мирон* и др. Через посредство русского языка и путем прямого заимствования в наш язык вошли личные имена целого ряда западно-европейских народов. Дается их краткое объяснение, указывается значение. Женские: *Долорес, Дина, Жанна, Клара, Луиза* и др. Мужские: *Марат, Диас, Артур, Ринат, Донат, Эрнс* и др.

Появление новых имен - неологизмов не случайно, это закономерное явление в обществе. Такие факты ярко свидетельствуют о культурно-исторических взаимосвязях, тесной дружбе казахского народа с другими народами мира.

В книге особое внимание уделено значению и этимологии личных имен арабо-иранского, монгольского, отчасти китайского, индийского происхождения. Как известно, этнокультурные связи арабо-иранских, монголо-тюркских, в том числе китайского народов по данным исторических источников существовали в древности и раннем средневековье, в среднем веке и продолжают в наши дни.

Имена, заимствованные из арабо-иранских языков, в казахском языке подверглись сильным фонетическим изменениям. Например, имя Мохаммед приобрело формы: *Махамбет, Мухамбет, Мухамет, Махмет, Мамбет* и др. Ибрагим - *Ибраим, Ибрай, Ибирай, Ыбырай*, Айша - *Гайша, Кайша, Хайша* и т.д.

Во многих случаях имена раньше давались на основе народных обычаев и традиций. В тех семьях, где часто умирали дети, новорожденным сыновьям давались такие имена, как *Тохтар, Тохтарбай, Токтасын, Турар, Турсын, Турсынбек* (пусть останется, будет жить), *Отеген, Отемис, Толеген, Толемис, Толенди, Толебай* (возмещенный, возвращенный, восстановленный). Такие имена и поныне присваиваются детям по традиции. В книге раскрываются этнокультурные, этнографические значения многих таких имен.

У казахского народа формулы обращения имеют свои специфические особенности, связанные с укладом жизни и быта. В быту, обращаясь к старшим, более молодые пользуются звательной формой терминов

родства. Например: *атай* (дедушка), *ажей* (бабушка), *женгей* (тетенька), *апай* (уважаемая старшая сестра) и др. Наряду с этим существуют другие формы обращения: кадырлы (уважаемый), курметты, кадырлы (уважаемый), аса курметты, аса кадырлы (глубокоуважаемый, -ая). При обращении к старшим по возрасту и в порядке уважения к первым слогам их имени прибавляется аффикс - ака, - еке, - е. Например: Абе, Абеке от имени *Абдиманап, Абдрахман, Абдолла* и др.; Мука - от имени *Мухтар, Мухтарбек, Мукай, Мухамбет, Мукагали, Мукажан* и др. Сабе, Сабен - от имени *Сабит, Сабден, Сабидолла, Сабигат, Сабизбек, Сабыржан* и др.; Гулеке - от имени Гульшар, Гульшара, Гульсим, Гульжанат, Айшеке - от имени Айша, Айшолпан и др.; Жаке - от имени Жамила, Жанбике, Жанипа и т.д.; Шаке - от имени Шакира, Шамшиябану, Шабал и т.д.

Как у всех народов родители в казахской семье по отношению к своим детям употребляют ласкательную форму. Например: Абиш - от имени *Абдрахман, Абжан, Абдурасул, Абдигали*, Сатыш - от имени *Сатымбай, Сатын, Сакмолда, Сакен* - от имени *Сейдалы, Салим, Сартбай* и др. Шакен - от имени *Шахмухамбет, Шайхислям, Шакарим* и т.д.

Родители, близкие или старшие в быту обращаются к детям, а также к молодым со словами: *айым* (моя луна), *куним* (мое солнце), *жулдызым* (моя звезда, звездочка), *шолпаным* (моя Венера), *жарыгым, шырагым, саулем* (мой светоч), *жаным* (душенька, милый, миленький) и т.д.

Особо широко распространено употребление слов, связанных с названиями детенышей животных и птиц. Например: *каргам* (галчонок), *балпаным* (птенчик), *когершыным* (голубок, голубка), *кулыным, кулыншагым* (мой жеребенок, жеребеночек), *ботам, ботаканым, боташым* (верблюжонок), *козым* (ягненок), *коныр козым* (серый, смирный ягненок), *торпагым* (теленочек) и т.д.

В данную книгу включены, наряду с новыми, и традиционные национальные имена казахов, но отсутствуют личные имена, обидные, оскорбляющие достоинство человека. Цель настоящей книги - раскрыть смысл имен, забытый с течением времен, так как из-за языковых наслоений значения, смысл многих личных имен затушеваны, смыты.

Предлагаемая вниманию читателей данная книга отвечает, на наш взгляд, на многие вопросы, связанные с казахскими личными именами.

***Уважаемые читатели, предлагаемая Вам книга – «Тайны имен. Есімдер сыры», издается на двух языках и не лишена недостатков. Все Ваши замечания и предложения будут учтены при переиздании книги.***

***Наш адрес: 480100, город Алматы, улица Айтеке би 28.***

**Автор.**

## Шартты қысқартулар

ар. – араб тілі  
аз. – азербайжан тілі  
алт. – алтай тілі  
ағ. – ағылшын тілі  
астр. – астрономия термині  
ауысп. – ауыспалы мағына  
гр. – грек тілі

груз. – грузин тілі  
ир. – иран тілі  
исп. – испан тілі  
кельт – кельт тілі  
к.евр. – көне еврей тілі  
к.герм. – көне герман тілі  
к.қаз. – көне қазақ тілі  
к.т. – көне түркі тілі  
қаз. – қазақ тілі  
қалм. – қалмақ тілі  
қырғ. – қырғыз тілі  
лат. – латын тілі  
манчж. – манжурия тілі  
монғ. – монғол тілі  
нем. – неміс тілі  
ор. – орыс тілі  
сканд. – скандинавия тілі  
тат. – татар тілі  
тәж. – тәжік тілі  
тиб. – тибет тілі  
түрк. – түркмен тілі  
түр. – түрік тілі  
укр. – украин тілі

## Условные сокращения

ар. – арабский язык  
аз. – азербайджанский язык  
алт. – алтайский язык  
букв. – буквально  
гр. – греческий язык  
груз. – грузинский язык  
др.герм. – древнегерманский язык  
др.евр. – древнееврейский язык  
др.имя – древнее имя  
др.каз. – древнеказахский язык  
др.тюрк. – древнетюркский язык  
ир. – иранский язык  
исп. – испанский язык  
каз. – казахский язык  
калм. – калмыцкий язык  
кыр. – кыргызский язык  
лат. – латинский язык  
манчж. – манчжурский язык  
монг. – монгольский язык  
м.ч. – множественное число  
нем. – немецкий язык  
неолог. – неологизм  
перен. – переносный смысл  
рус. – русский язык  
сканд. – скандинавский язык  
тадж. – таджикский язык  
тат. – татарский язык  
тибет. – тибетский язык  
тур. – турецкий язык  
турк. – туркменский язык  
ук. – украинский язык





## Ерлер есімі Мужские имена

### А

**Абай** – қазақ халқының ұлы ақыны Ибраһим Құнанбаевтың екінші аты. Абай есімінің мағынасы туралы әр түрлі пікір бар. М. Әуезов: “Абай–абайлағыш, байқағыш, ойшыл”, – десе, Қазақ Совет энциклопедиясында: “Абайдың шын аты Ибраһим, кейіннен шешесі еркелетіп: “Абай” деп кеткен”, – дейді. Біздің пікірімізше, есімнің бастапқы түбірі аба сөзі болса керек. Ол тува, татар тілінде абзыкай, алтай, хакас тілдерінде абака, якут тілінде абага түрлерінде айтылып, “аға”, “үлкен аға”, “ата”, “қария” мағыналарында жұмсалады. Демек, Абай “үлкен аға”, ел ағасы” деген мағына білдірері даусыз.

Бұл есім – “бала ұлы ақын Абайдай болсын”, – деген мақсатпен халық арасында жиі қолданылады.

**Абай**, каз. - второе имя Ибрагима Кунанбаева, великого поэта казахского народа. О происхождении и значении имени Абай имеются 2 мнения: М. Ауэзов полагает: “Абай - наблюдательный, предусмотрительный, мыслитель”. В Казахской Советской энциклопедии пишется: “Настоящее имя Абая Кунанбаева - Ибрагим. Абай - ласкательная форма, данная матерью”. По нашему мнению, Абай означает “старший брат”, “старшее племя”. В тувинском языке абакай, в алтайском, хакасском абака, в якутском абага, в татарском яз. абзыкай, абзый “дядя”, “старший брат”. Таким образом, имя Абая является вторым именем, данным народом своему любимому поэту, и означает “старший брат”, “старший, почтенный в роду, народе”.

**Аббас**, ар. Ислам дінін қабылдаудан бұрынғы арабтардың телесімі. Мағынасы – қатал, қатыгез, жаугер. Фонетикалық түрлері – Ғаббас, Қаппас, Қапбас.

**Абдолла**, ар. Абд. – құл, олла – алла, алда, құдай, яғни “Алланың, құдайдың құлы”. Фонетикалық түрлері: Әбділда Әбдилда, Әбілда, Әбдолла, Ғабдолла, Ғабділда, Қабдолда, Қабдол, Қабділда.

**Абзал**, ар. Афзэл – ардақты, аса қадірлі, ең құрметті.

**Абиыр**, ар. – абүйыр, абырой – ар, намыс.

**Абыз**, ар. – 1. Күшті, қорғаушы, сақтаушы. 2. Құранды жатқа айтушы, көп білетін, білімпаз, дана. 3. Жаңа мағынасы – ғалым, білімпаз, дана. Фонетикалық варианттары: Хафиз, Капъз.

**Абылай**, тарихи есім, ар. – абыл/ /әбіл – ата, әке. Әбілмәмбет деген есімнің қысқарып, дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі.

**Абылғазы**, ар. – абыл+ғазы – жауынгер, әскер, яғни жауынгердің, әскердің басшысы, атасы.

**Ағабек**, қаз. – аға+бек. Жас жағынан немесе лауазым дәрежесі жағынан үлкен, жоғары+бек.

**Ағанияз**, қаз. аға+ир. нияз – өтініш, тілек, үміт, сый; ир. тарту.

**Аббас**, ар. Лично имя у арабов до принятия ислама. В арабском языке означает – суровый, строгий, воинственный. Варианты: Габбас, Каппас, Капбас.

**Абдулла//Абдолла**, ар. раб + олла – аллах. Букв. – “раб аллаха, раб бога”. Фонетические варианты: Абдильда, Абильда, Габдулла, Габдолла, Габдол, Кабдол, Кабдулла, Габдильда, Кабдильда.

**Абзал**, ар. - уважаемый, дорогой, превосходный.

**Абиыр**, ар. аброй - авторитет, честь, достоинство.

**Абыз**, ар. 1. Хранитель, защитник, блюститель. 2. Человек, знающий коран наизусть, знаток, мудрец. 3. Новое значение - ученый, знаток. Фонетические варианты: Хафиз, Капъз.

**Абылай**, историческое имя, ар. абыл - дед, отец. Сокращенное имя от Абулмамбет.

**Абылғазы**, ир. абыл + газы - воин, боец. Букв. Глава, начальник воина, бойца.

**Агабек**, қаз. ага - дядя, старший брат, вежливое обращение к старшему по возрасту человеку. Букв. Старший по возрасту или занимаемой должности.

**Ағанияз**, қаз. ага - дядя, брат + нияз - просьба, мольба, надежда, подарок.

**Ағзам**, ар. – зор, ең ұлы.

**Ағын**, қаз. – қатты қарқын, екпін.

**Адай**, к.т. бұл есімнің нақтылы шығу төркіні, мағынасы белгісіз. Бірақ көне түркі тілінде: 1) балапан; 2) бала, сәби деген мағыналары бар. Алайда бұл кісі аты о баста қазақ халқының белгілі тайпасы Адай атынан қойылған.

**Адам**, к.евр. – қызыл, жирен түсті ер адам (балшықтан жасалған кісі, пенде). Оған бай, бек, көздерін қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасалады: Адамбек, Адамбай.

**Адриан**, лат. – Адриден шыққан адам (ежелгі Италиядағы қала).

**Адырбай**, қаз. – адыр – биік, дөң, қыр+бай.

**Ажарбек**, қаз. ажар – әдемі шырай, көрік, келісті келбет + бек, яғни аса көрікті, келбетті, өте әдемі.

**Азамат**, ар. – 1) ұлылық; 2) даңқтылық; 3) саналы адам.

**Азанбек**, ар. азан – мұсылмандарды таң азанда намаз оқуға шақыру + бек. Таң азанда туылған балаға берілген есім.

**Азат**, ир. – еркін, ерікті. Біріккен тұлғалы есімдер: Азатбк, Азатбай.

**Ай**, ай сөзі ерте заманнан халық санасында көркемдік пен сұлулықтың, тазалық пен пәктіктің,

**Ағзам**, ар. - величайший, всемогущий.

**Ағын**, қаз. - сильное течение, поток, порыв.

**Адай**, др. түрк., этимология и значение имени не ясны. Однако в древнетюркском языке существовало слово адай, означающее: 1) птенец; 2) перен. дитя, ребенок. Это личное имя присвоено от названия известного казахского племени Адай.

**Адам**, др. евр. - красный муж (человек, сделанный из глины). Путем прибавления к нему компонентов бай, бек образованы составные имена: Адамбек, Адамбай.

**Адриан**, лат. - человек из Адрии (город в древней Италии).

**Адырбай**, қаз. - адыр - холм, сопка + бай - богач.

**Ажарбек**, қаз. ажар - красивый, приятный, заметный облик + бек - очень красивый, весьма заметный, лучезарный.

**Азамат**, ар. - 1) величие, слава; 2) гражданин; 3) настоящий джигит, удалой, молодец.

**Азанбек**, ар. азан - призыв мусульманина к молитве + бек. Имя, присвоенное ребенку, рожденному рано утром.

**Азат**, ир. вольный, свободный, независимый человек.

**Ай**, слово ай - луна с древних времен употреблялось в переносном значении, обозначая символ красоты,

бақыт пен құттың символы болған. Әсіресе біріккен тұлғалы есімдер құрамында көп қолданыс тапқан. Ер есімдері құрамында «бақыт, сәт» мағынасын берген. Көне түркі тілдеріндегі Айхан, Айбек, Айтұғды, Айтолды, Айтегин тәрізді есімдер осының дәлелі.

**Айәділ**, қаз. ай+ар. әділ. Ай сияқты таза, ақ, кіршіксіз адал болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Айбар**, қаз. – айбат, айбын. Бұл есім сәбиге айбатты, айбынды болсын деген мақсатпен қойылады. Сыйлап, құрметтеп айту түрі: Айаға, Айеке.

**Айбас**, қаз. 1) ай сияқты ашық, жарқын жүзді адам; 2) айдың бас кезінде туған балаға әдетте осындай есім қойылған.

**Айбат**, қаз. – айбар, қаһар, айбын. Бұл есім сәбиге әрі батыр, айбынды болсын деген мақсатпен қойылады.

**Айбек**, қаз. – ай+бек, айдай берік, мықты әрі ғұмырлы болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Айберді**, ай+берді, яғни аспаннан құдай берді.

**Айбол**, ай+бол – айдай айқын, ашық, жарық бол, айым бол, бақытым бол деген мағыналы есім.

**Айболат**, ай+болат// болады; яғни менің айым, бақытым болады.

**Айбын**, қаз. 1) айбар, айбат,

изящества, чистоты, счастья и часто прибавляется в качестве компонента сложных имен. Тогда означает “счастье, счастливый час”. Примером являются древнетюркские личные имена с компонентами ай: Айхан, Айбек, Айтуды, Айтолды, Айтегин и др.

**Аядиль**, қаз. ай - луна; ар. адиль справедливость, честность, правота, правильный. Имя выражает пожелание сыну стать честным, чистым.

**Айбар**, қаз. - грозный, суровый, внушительный, свирепый (вид). Имя давалось ребенку с целью, чтобы он был грозным, мужественным.

**Айбас**, қаз. ай - 1) луна + бас - начало, глава. Букв. Человек со светлой головой, умный;

**Айбат**, қаз. - свирепый, грозный вид, ярость, смелость. Такое имя давалось ребенку с целью, чтобы он был смелым.

**Айбек**, қаз. ай-луна + бек - крепкий, твердый. Имя выражает пожелание ребенку быть крепким.

**Айберди**, қаз. ай - луна + берди, букв. – бог подарил, лунный дар.

**Айбол**, қаз. ай+бол - будь. Букв. будь моим светочем, моим счастьем, как луна.

**Айболат**, қаз. ай+болат//болады - да будет, моим счастьем, луной.

**Айбын**, қаз. 1) величие,

батыл; 2) ұлылық, батырлық, ерлік.

**Айғали**, қаз. ай – ар. +ғали – биік, жоғары. Бала ай сияқты биікте, жоғарыда болсын, яғни әрдайым жоғары мұратқа ие болсын деген тілекпен қойылса болса керек.

**Айдан**, қаз. ай+дан – қосымша. Бұл есім бала айдан да жарық, көркем болсын деген тілекпен қойылған.

**Айдар**, қаз. 1. Балалардың төбесіне қойылған шашы. Қазақ арасында белгілі жас дәрежесіне жеткенге дейін балаға айдар, тұлым, кекіл қояды. Осылайша шаш қоюда белгілі бір қасиет бар деп түсінуден болса керек. Ал айдарлы сөзі “мықты, күшті, зор” деген мағынада қолданылады. Балаларға Кекіл, Кекілбай, Тұлымқан, Тұлымбек, Айдарбек, Айдархан сияқты есімдер беріліп отырады. 2. Осы Айдар есімін арабтың Хайдар “арыстан” деген есімінің өзгерген түрі деген де пікір бар.

**Айдаралы**, қаз. айдар + ар. алы (арабтың гали сөзінің өзгерген түрі) кара: Айдарғали.

**Айдарғали**, айдар + ар. гали – биік, жоғары. Бұл есімнің бастапқы айтылу нұсқасы Хайдарғали болу керек. Оның бірінші сыңарын хайдар – “арыстан” деп білсек, екінші сыңары ар. гали, әли. Сонда Хайдарғали – “арыстан Ғали”, батыр Әли деген

внушительность, смелость, ярость; 2) доблесть, удаль.

**Айғали**, қаз. ай - луна, ар. гали - высокий, высший. Называя этим именем сына, родители желали, чтобы он был счастливым в жизни стремился к высокому идеалу.

**Айдан**, қаз. ай+аффикс дан. Имя выражает пожелание родителей, чтобы ребенок был ярче, красивее луны.

**Айдар**, 1. Пучок волос (чуб, хохолок) на голове мальчика. Прежде дети до определенного возраста носили чуб, косу, как знак здоровья и благополучия. Производная форма айдарлы имеет значение “сильный, крепкий, мощный, могучий”. Составные имена: Айдарбек, Айдархан, Айдарлы, а также синонимичные имена: Кекил (чуб), Тулымхан, Айдарбек, Айдархан. 2) Некоторые ученые считают, что Айдар фонетически измененная форма от арабского Хайдар - “Лев”.

**Айдаралы**, қаз. айдар+алы (от ар. гали). см. Айдарғали.

**Айдарғали**, ар. айдар - арыстан + гали - высокий, высший. Данное имя является видоизмененной формой имени - Хайдарғали. Если считать первый компонент имени арабского Хайдар “лев”, то второй компонент гали является Али.

мағынаны білдіреді. Дыбыстық тұлғасы өзгеріп айтылып қолданылған түрі Айдаралы.

**Айдархан**, қаз. айдар, ар. хайдар + қаз. хан, яғни “арыстан, жаужүрек хан” деген мағынаны білдіреді.

**Айдос**, қаз. ай + тәж. дост. Айдыңдосы.

**Айдын**, қаз. 1) айбат, айбын, қаһар; 2) айқын, жарық, ашық. Біріккен тұлғалы есімдер: Айдынбек, Айдынғали.

**Айдынғали**, қаз. айдын + ар. ғали, яғни айбынды, айбатты Ғали.

**Айжарқын**, қаз. ай және жарқын сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Бала ай жарығындай болып шапағаты басқаға тисін, ақкөңіл болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Айжарық**, қаз. ай және жарық сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Бала ай жарығындай болып, шапағаты басқаға тисін деген тілекпен қойылған есім.

**Айжас**, қаз. ай және жас сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Өмірге жаңа келген сәбиге жаңа туған жас айға теңеп қойылған есім.

**Айзақ**, ағылш. Isaac, орыс. Исак. евр. Исаак.

**Айзат**, қаз. ай+ир. зада – “бала” сөздерінен жасалған. Айдан жаралған, айтекті мәніндегі есім.

Следовательно, имя Хайдаргали означает - Лев Али, герой, богатырь Али.

**Айдархан**, қаз. айдар, ар. Хайдар, қаз. хан. Букв. – сильный, отважный, мужественный хан.

**Айдос**, қаз. ай - луна, тадж. дост - друг. Букв. – друг луны.

**Айдын**, қаз. 1) величавость, внушительность, яркость, сила, энергия; 2) свет, блеск. Составные имена: Айдынбек, Айдынғали.

**Айдынғали**, қаз. айдын+ар. ғали. Букв. – величественный, Гали.

**Айжаркин**, қаз. ай - луна+жаркин - светлый, яркий, лучезарный. Называя этим именем ребенка, родители желали, чтобы он вырос жизнерадостным, добродушным, искренним.

**Айжарық**, қаз. ай+жарық - светлый, ясный. Имя выражает пожелание, чтобы сын был ясный, светлый, как лунное сияние и был добрым.

**Айжас**, қаз. ай - луна+жас - молодой. Имя выражает пожелание, чтобы ребенок был похож на молодой месяц, ясный, чистый.

**Айзақ**, англ. Isaac, русс. Исак, евр. Исаак.

**Айзат**, қаз. ай + ир. зат от зада “дитя, ребенок”. Ребенок, подобный луне.

**Айқын**, қаз. көпке әйгілі, белгілі, мәлім.

**Аймаған**, ар. Аймақамбет – Аймұхамбет есімдерінің қысқарған түрі; яғни Мұхамбеттің айы, сәулесі деген мағынаны білдіреді.

**Аймағамбет**, қаз ай+ар. Мохаммад – мақтаулы. Аймақамбет, Аймуқамбет деп те айтыла береді. Қысқарта айтылған түрі: Аймаат, Аймаш.

**Аймақ**, қаз. өлке, өңір, үлкен атырап: айнала, маңай, төңірек.

**Аймаат**, екі сөзден біріккен Аймағамбет деген есімнің қысқарған түрі.

**Аймұрат**, қаз. ай+ар. морад – мақсат, тілек. Ай сияқты айқын, жарық тілегім, мақсатым деген тілекпен қойылған есім.

**Айнабек**, ир. айна+бек. Пәктіктің, тазалықтың, адалдық пен шынайылықтың бейнесі ретінде балаларға қойылатын есім. Жарықбек, Жарықбол есімдері бұнымен мәндес есімдер.

**Айнан**, ар. гайнан – шын, дұрыс, тура.

**Айса**, к.евр., ар. Файса – Алла құтқарады, Алланың шапағаты. Қазақ, қырғыз, өзбек т.б. тілдерде Иса түрінде де аталса, болгарларда Исус, орыстарда Иисус, Христос.

**Айсары**, қаз. ай+сары. Айдай анық мәніндегі есім.

**Айқын**, қаз. ясный, явный, конкретный, определенный.

**Аймаған**, ар. сокращенная форма имен Аймағанбет, Аймухамбет. Имя означает светоч, луна Мухаммеда.

**Аймағамбет**, қаз. ай - луна + Мохаммад - восхваляемый. Народные варианты: Аймақамбет, Аймуқамбет. Сокращенные формы - Аймаат, Аймаш.

**Аймақ**, қаз. - край, даль, округ; окрестность.

**Аймаат**, сокращенная форма сложного имени Аймағамбет.

**Аймұрат**, қаз. ай - луна + ар. морад - желание, цель. Называя этим именем ребенка, родители желали, чтобы он был красив, подобен луне.

**Айнабек**, ир. айна - зеркало + Имя означает символ искренности, чистоты, честности, светлости. Синонимы: Жарықбек, Жарықбол.

**Айнан**, ар. гайнан - правда, правильно, верно.

**Айса**, др. евр., ар. Гайса - бог спасет, милость божья. В казахском, кыргызском, узбекском языках встречаются варианты Гайса, Кайса, Иса. У болгаров Исус, у русских Иисус, Христос.

**Айсары**, қаз. ай - луна + сары - светлый. Букв. – светлый как луна.

**Айсауыт**, қаз. ай және сауыт сөздерінен біріккен көне есім. Ай сияқты айқын, ай сияқты жарқырап мәңгі тұрсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

**Айсүгір**, ай және сүгір “әскер, жауынгер” сөздерінен жасалған көне есім. Ай сияқты мәңгі өмір сүретін мықты жауынгер болсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

**Айтақын**, ар. эйдь – “ораза мейрамы”, акун – “өлең шығарушы, жыршы”. Ертеде айт күні туған балаларға Айтбай, Айтжан, Айтбек тәрізді есімдер қойып отырған. Айтақын есімінің екінші сыңарындағы ақын сөзі кісі аттары құрамындағы “бай”, – бек” сөздері сияқты жалғана береді.

**Айтан**, қаз. ай+тан-таң Сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген нұсқасы, яғни жарқыраған, жарық ай.

**Айтас**, қаз. ай+тас сөздерінен жасалған. Бала өмірі ай сияқты жарқын және тас сияқты мықты, берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Айтбай**, ар. эйдь + қаз. бай. Айт күні туған балаға өмірі той, мереке, қуанышқа толы болсын деген тілекпен қойылған.

**Айтемір**, қаз. ай және темір сөздерінен жасалған есім. Бала айдағы темірдей мықты әрі берік болсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

**Айсауыт**, қаз. составное мужское имя: ай - луна + сауыт - колчан, броня, панцирь. Букв.- ясный, сверкающий, как луна.

**Айсугур**, қаз., составное мужское имя: ай+сугур - “воин, солдат”, Имя означает символ вечности, крепкости юнца-воина.

**Айтақын**, ар. эйдь - праздник ораза + ир. акун - певец-импровизатор. Раньше в казахской семье часто нарекали детей: Айтбай, Айтжан, Айтбек. Слово акун (акын) иногда прибавляется к личным именам в качестве второго компонента, как слова бай, бек.

**Айтан**, қаз. ай - луна + тан (таң) - утро. Букв: светлое утро.

**Айтас**, қаз. ай - луна + тас - камень. Называя так ребенка, родители желают, чтобы он был красивым, ярким как луна и крепкий, вечный, как камень.

**Айтбай**, ар. эйдь - религиозный праздник + қаз. бай. Прежде подобными именами называли детей, родившихся в дни праздника Айт.

**Айтемир**, қаз. ай - луна + темир - железо. Такое имя давалось ребенку с целью, чтобы он был крепким, как железо.



**Айтжан**, ар. эйдъ және тәж. джон сөздерінің бірігуі арқылы жасалған есім. Айтбай, Айтмұқамбет, Айтмағамбет тәрізді есімдердің еркелете айту түрі.

**Айтқали**, ар. эйдъ – діни мейрам, ғали – жоғары, биік деген мағынаны білдіретін сөздерінен жасалған есім. Бала келешекте ең құрметті, жоғары мәртебелі болсын деген ұғымда қойылып отырған.

**Айтуар**, қаз ай және туар сөздері арқылы жасалған есім. Балаға ырыс, бақыт тілеумен байланысты қойылған есім.

**Айтуған**, 1) ай туған мезгілде дүниеге келген балаға осылай ат берілген; 2) айға сыйынып, айды ерекше құрмет тұтқан ата-ана тарапынан бала бақытты, ырысты болсын деп те осындай есім қойып отырған.

**Айшуақ**, ай сияқты сәулелі, жарық, көңілі жайдары ашық болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Айшық**, туған ай бейнесіндегі өрнек, сән.

**Айымбет**, Аймұхамбет, Аймағамбет тәрізді есімдердің ықшамдалған, қысқарған түрі.

**Ақай**, қаз. ақ және ай деген екі сөзден бірігіп жасалған есім. Ата-ана баласын айдай аппақ, таза, кіршіксіз, адал болсын деп армандап қойған есім.

**Ақан**, ир. Аһен – темір.

**Айтжан**, ар. эйдъ - религиозный праздник, тадж. джон - душа. Ласкательная форма полных имен Айтбай, Айтмухамед, Айтмағамбет.

**Айтқали**, ар. эйдъ - религиозный праздник, кали//ғали - высший, высокий. Букв. – ребенок, рожденный во время большого знаменательного праздника Айт.

**Айтуар**, каз. ай + туар - от слов ту + аффикс ар. Имя выражает пожелание ребенку быть счастливым, чтобы ему сопутствовало счастье.

**Айтуған**, каз. ай - луна, туған - родился, появился. Такое имя давалось обычно детям, родившимся в новолуние и выражает пожелание ребенку стать счастливым, чтобы ему везло в жизни.

**Айшуақ**, каз. ай - луна, шуақ - солнечный луч, т.е. светлый. Букв. - свет луны.

**Айшық**, каз. - узор, украшение в виде полумесяца или кольца.

**Айымбет**, ласкательно-сокращенная форма составных имен: Аймухамбет, Аймағамбет.

**Ақай**, каз. ақ - белый + ай луна. Такое имя давалось ребенку с целью, что он был похож на месяц, светлым, чистым, белым, ясным.

**Ахан**, ир. Аһен - железо.

**Ақат**, ар. әхәд – бір, бірлік, жалғыз, жалқы. Тұңғыш балаға ертеде осылай есім берілгені байқалады.

**Ақбай**, қаз. ақ және бай сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы есім. Бұл есім бала адал, ақ ниетті, адал, таза және аққа /сүт, айран, қатық, қымыз, шұбатқа/ бай болсын деген мағынада қойылған.

**Ақберді**, қаз. ақ+ар. хәққ – сый, тарту+қаз. берді, яғни ағынан берді / Алла/. Еркелету түрі – Ақтай.

**Ақболат**, қаз ақ+ир. болат – құрыш. Бала саф құрыштай берік, мықты болсын деп қойылған есім.

**Ақбота**, бала аппақ бота сияқты әдемі, сүйкімді болсын деген мақсатпен қойылған есім.

**Ақеділ**, өзен атына байланысты қойылған есім. Мұндай есімдер әдетте бала өзен жағасында отырғанда тууымен байланысты қойылған.

**Ақжан**, қаз. адал, таза адам, ақ көңіл жан. Ақмұқан, Ақжол, Ақтайлақ сияқты есімдердің еркелете айту түрі.

**Ақжарқын**, ашық, жарқын жүзді, шат-шадыман. Бала ашық көңіл, жайдары, батыл, өжет болсын деп қойылған есім.

**Ақжол**, өмірге алған бағыты ашық айқын, жолы сара, таза деген мағынаны білдіреді.

**Ақжігіт**, қаз. ақ және жігіт сөздері арқылы жасалған есім. Мықты,

**Ахат**, ар. ахад - один, единственный. Обычно первенцу давалось такое имя.

**Ақбай**, қаз. ақ 1) белый; 2) честный, чистый, искренний. Букв. – честный, чистый, искренний, благожелательный.

**Ақберди**, қаз. ақ + ар. хак - дар, вознаграждение + қаз. берди -дал; букв.– дар истины (Аллаха).

**Ақболат**, қаз. ақ - белый, булат - сталь. Букв. крепкий как сталь.

**Ақбота**, қаз. ақ – белый, бота – верблюжонок. Букв. – белый верблюжонок.

**Ақедиль**, қаз. ақ - белый + Едиль - Волга. Обычно такими именами называли детей, рожденных на берегу Волги.

**Ақжан**, қаз. - честный, душевный, искренний, непорочный, невинный человек. Ласкательная форма составных имен Ақмукан, Ақжол.

**Ақжарқин**, қаз. жизне-радостный, веселый, искренний. Имя выражает пожелание, чтобы ребенок был веселым, смелым и мужественным.

**Ақжол**, қаз., ақ + жол - дорога, путь. Букв. – светлый путь.

**Ақжигит**, қаз. ақ - белый и джигит. Букв. - крепкий, сильный,

қайратты азамат деген мағынаны береді.

**Аққожа**, қаз. ақ < ар. һәқ – таза, адал, әділ, болмаса ар. хак - әкім, әмір + ар. хожа – ұстаз, дін үйретуші, қожайын, ие. Аққожа – адал, әділ қожа, ұстаз.

**Аққозы**, қозы сияқты сүйкімді, әдемі, көркем болсын деп, қозыға балап қойылған есім.

**Ақмұқамбет**, ар. – адал, таза, әділ Мұхамбет.

**Ақназар**, есім құрамындағы ақ сөзі арабтың хақ “әкім, пайғамбар” деген сөзінің тіліміздегі өзгерген түрі. Назар ар. нәзәр: 1) қарау, көзқарас, көз салу; 2) ықылас, ілтипат. Демек бұл есім “алланың, пайғамбардың назары, ықыласы, ілтипаты” деген мағынаны білдіреді. Басқаша айтылып, қолданылу түрлері: Хақназар, Қақназар.

**Ақпанбет**, қаз. ақпан – февраль айы. Қыс айында туған балаға осындай ат қойылған.

**Ақсұлтан**, есім құрамындағы ақ арабтың хақ – әкім, әмір сөзінің тіліміздегі өзгерген нұсқасы. Ал сұлтан арабтың солтан – әкім, билеуші, мемлекет басшысы деген сөз.

**Ақтай**, қаз. Ақмұқамбет, Ақберді, Ақболат тәрізді есімдердің еркелетіп айту нұсқалары.

**Ақтайлақ**, қаз. ақ + тайлақ. Ежелден халық дәстүрінде

отважный, удалой джигит.

**Аққожа**, қаз. ақ < ар. һәкк - справедливость, истина, долг, + ар. хожа - учитель, честный хозяин. Букв. справедливый, истинный учитель, честный хозяин, начальник.

**Аққозы**, қаз. белый ягненок. Букв. – тихий, ласковый.

**Ақмұхамбет**, ар. честный, справедливый Мұхамед.

**Ақназар**, ар. хак - правитель, пророк, начальник, назар ар. нәзәр: 1) смотреть, точка зрения, взгляд; 2) взор, внимание. Имя означает “Взор, внимание аллаха”. Метафорическое значение - помощь, благосклонность, покровительство, поддержка. Варианты - Хақназар, Какназар.

**Ақпанбет**, қаз. ақпан - февраль, бет - компонент, прибавляемый в составных мужских именах. Букв. – Рожденный в феврале.

**Ақсұлтан**, қаз. ақ- белый является видоизмененной формой ар. хак - правитель, начальник, султан. Букв. - правитель, государь.

**Ақтай**, қаз. ласкательная форма составных имен: Ақмұхамбет, Ақберди, Ақболат.

**Ақтайлақ**, қаз. ақ - белый, + тайлақ - верблюжонок по второму

балаларға Ақбота, Ақатан деген мал атаулары есім ретінде қойылып отырған.

**Ақтаң**, ертеде таң атып келе жатқанда туған балаға осындай есім берілген.

**Ақтілек**, бала бақытты болсын, ата-ананың ақ ниет, тілегі орындалсын деген мақсатпен қойылған есім.

**Ақшора**, қаз. ақ+шора – мырза, бек, шонжар. Бұл есімнің синонимдері – Ақмырза, Ақшурин.

**Ақылбай**, ар. ахл+каз. бай. Ақылға бай деген мағынада. Еркелету тұлғалары: Ақылтай, Ақаш, Ақыш.

**Ақылбек**, ақылы көп, мол, ақылға берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Ақылжан**, ар. ахл+ир. жан. Ақылды адам.

**Ақын**, ир. акун – өлең шығарушы, жыршы. Біріккен тұлғалы есімдер – Оразақын, Әлақын, Нұрақын, Тұрдақын.

**Ақынжан**, бала ақын болсын, ақынжанды болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Ақырап**, ар. ахраб – шаян. Қазан айына сәйкес зодиак белгісі. Сол айда туған балаға қойылған есім.

**Алай**, к.т. әскери полк, отряд,

году. В народной традиции существовали обычаи нарекания детей названиями животных: Ақбота, Ақатан, Аккозы и т.д.

**Актан**, каз. ак - белый, чистый + тан - утро, утренняя заря. Букв. – лучезарный.

**Актлек**, каз. ак - белый, искренний, честный, тлек - желание. Имя выражает пожелание ребенку быть счастливым, честным.

**Ақшора**, каз. ак - белый, чистый, честный; др. тюрк. - шора - господин. Букв. – белый, господин, дворянин.

**Ақылбай**, ар. ахл - ум, разум, здравый смысл + каз. бай. Букв. богатый умом, разумный.

**Ақылбек**, ар. ахл + бек - крепкий. Букв. – разумный, волевой, крепкий, твердый, человек.

**Ақылжан**, ар. гакл - ум + ир. жан - душа. Букв. - умный человек.

**Ақын**, ир. акун - певец, импровизатор. Составные имена: Альяқын, Оразақын, Нурақын, Байақын, Турдақын и др.

**Ақынжан**, ар. акун + ир. джон - душа, перен., знач. - человек, гражданин.

**Ақырап**, ар. ахраб - созвездие Скорпиона, знак Зодиака, соответствующий октябрю. Букв. – октябрьский.

**Алай**, др. тюрк. - отряд, часть,

рота, батальон. Ертеде шағатай тілінде алайлап тұрмақ сөзі – флангамен тұру дегенді;

алай биік – бастық, ал түрік тілінде миралай – полковник дәрежесін білдірген.

**Алау**, шымқай қызылтүс.

**Албат**, ар. албат – түс, түрлі-түсті өң, түр. Бала көркем, әдемі, сұлу болсын деген тілекпен қойылған есім.

**Алға**, баланың келешегі зор болсын, өмірде алда жүрсін деген тілекпен берілген есім.

**Алғатай**, алғашқы, тұңғыш, бақытты бала мәніндегі есім.

**Алғыр**, өжет, ер жүрек, батыл, жүректі.

**Алдаберген**, ар. олла-алла; қаз. берген, яғни құдай берген. Бұл есімнің синонимдері: Төңірберген, Құдайберген.

**Алдажар//Алдамжар**, ар. Алланың, құдайдың досы.

**Алдамұрат**, ар. алла+мұрат. Алланың мұраты, тілегі.

**Алдан**, қаз. 1) бала ата-анаға алданыш, жұбаныш болсын деген тілекпен қойылған есім; 2) баланың алды, тұңғышы; 3) Алданазар деген толық есімнің еркелете айту түрі.

**Алданазар**, ар. алла+назар. Алланың, құдайдың ықыласы, назары түскен деген – мағыналы есім.

**Алдар**, к.т. 1) халық ауыз

рота, батальон, полк. В чагатайском языке - алайлап тұрмақ означало - стоятъ, имея фланги, алай биик - начальник, а в турецком языке миралай - полковник.

**Алау**, каз. ярко-красный, алый цвет.

**Албат**, ар. албат - цвет, вид, разноцветный, разнообразный. Букв. – симпатичный, привлекательный.

**Алға**, каз. вперед, всегда быть впереди. Букв. - удачливый, счастливый.

**Алғатай**, каз. Букв. - первый, первенец, счастливый.

**Алғыр**, каз. - хваткий, отважный, смелый.

**Алдаберген**, ар. олла + каз. берген - дал, дан. Букв. - богом данный, даренный. Синонимы: Танирберген, Құдайберген

**Алдажар//Алдамжар**, ар. друг бога, Аллаха.

**Алдамұрат**, ар. алла + мұрат - цель. Цель, желание Аллаха, бога.

**Алдан**, каз. 1) радость, утешение родителям; 2) первенец, первый ребенок; Сокращенно-ласкательная форма полного имени Алданазар.

**Алданазар**, ар. олла + назар взор, внимание. Букв. любимец аллаха.

**Алдар**, др. тюрк. 1) это имя

әдебиетіндегі ку, айлакер /Алдар көсе есімі/; 2) айлакер, ақылғөй, даңқты адам.

**Алдаш**, Алдаберген, Алдажар, Алдамұрат сияқты біріккен тұлғалы есімдердің еркелете айтқан түрі.

**Алжанбай**, алжан деген ру атынан қойылған есім.

**Алмабай**, алма сияқты әдемі, көркіті, ажарлы болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алмабек, Алмахан, Алманияз.

**Алмас**, ир. алмас – ең асыл, ең қымбат қатты тас. Бала батыл, өткір де өжет болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алмасбай, Алмасбек, Алмасхан.

**Алпамыс**, эпикалық көне есім; алып-мамыш сөздерінің бірігуінен жасалған есім. Алып – көне түркі, қазақ тілінде дәу, дөкей, зор+мамыш – батыр.

**Алпар**, к.т. алып – батыр, ар – ер сөзінің көне түркі тілдеріндегі жуан айтылуы. Яғни батыр адам, ер кісі.

**Алпыс**, ертеде баланың әкесі немесе шешесі 60 жасқа келгенде туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алпысбай, Алпысбек.

**Алтай**, к.т. ал – биік, заңғар, тай < тағ – тау, яғни биік, заңғар тау.

хитрого умного героя казахского фольклора Алдар Косе; 2) хитрец, умница, славный человек.

**Алдаш**, ласкательная форма сложносоставных имен: Алдаберген, Алдажар, Алдамурат.

**Алжанбай**, личное имя, образованное от названий казахского рода.

**Алмабай**, каз. алма - яблоко + бай. Букв. – красивый как яблоко. Составные имена: Алмабек, Алмахан, Алманияз.

**Алмас**, ир. алмас - алмаз. Называя таким именем ребенка, родители желают, чтобы их сын был бойким, смелым, мужественным.

**Алпамыс**, древнеказахское эпическое имя. Образовано из двух слов: алп - герой, силач, великан + мамыш - богатырь.

**Алпар**, др. тюрк. алп богатырь, герой, витязь; второй компонент - ар/ер - герой. Букв. смелый витязь, великан.

